

М.Ж. ҚАЛШАБАЕВА, С.А. САРТАЕВ

ЗАНДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ, ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Әлденеше рет занды жауапкершілік қағидалары құқық теориясының зерттеу пәні болған. Сонымен қатар авторлар күші көбірек жауапкершілік қағидаларының нақты мәні мен мазмұнын ашуға жинақталған болатын. Бұл ретте занды жауапкершілік қағидасы ұғымының өзіне және бұл категорияның құқық қағидалары жүйесінде алатын орнына аз көніл бөлінген.

Занды жауапкершілік құқықтық құбылыс екендігі күмән тудырмайды, демек онда бүтін объективтік құқықтың белгілері, қоғамдық қатынастардың реттеуішінің бірі ретінде көрініс табады. Осылай орай «занды жауапкершілік қағидалары» ұғымын, жалпы категория «құқық қағидалары» арқылы ашу керек.

Құқық қағидаларының мәселесі құқықтанудың аса маңызды теориялық сұрақтарын қозғайды, өйткені олардың мәні мен мазмұнын анықтау құқық жүйесінің қалыптасу негізін, қайсыбір құқық жүйесінің ерекшеліктерінің себептерін айқындауға мүмкіндік береді.

Кейбір авторлар қағидалар ұғымын «объективті нормалар» категориясы арқылы ашуға тырысада [1, 93 б.]. Бұл болжакулар әдетте құқық идеясын, жалпы тарихтың бостандық идеясын ашу концепциясымен органикалық байланыстағы, бостандық шарасы ретінде түсінумен, оның қоғамдық қатынастарда іске асырылуымен байланысады. Сонымен қатар объективті нормалар негізі қоғамдық қатынастарда бұрыннан қаланған, ал заң шығарушыға оларды тану мен айқындауғана қалады деп саналады [1, 164 б.]. Құқық негізінде жатқан «объективті нормаларды» іздестіру бұрыннан жүргізілуде, алайда бұл ізденістердің қорытындысы әрқашан субъективті, соңдықтан олар әртурлі және қарата-қайшы: құқықтық нормалары олардың объективті негізінде «бостандық шарасы», «біліктің бағынуды талап ететін бұйрығы», «ақылдың ұйғарымы», «діни зандар», «ұstem таптардың заңға салынған ықтияры», «таптық ынтымақтастықтың нормалары», «қоғамдық бекітілген ережелер», «міндеттенудің абстрактілі идеясы» және т.б. ретінде қарастырылған болатын. Құқық қағидалары ұғымын «объективті нормалар» категориясы арқылы ашу талпынысы, сәтті әрекеттер қатарына жатқызылуы мүмкін деп ойламаймыз. Біріншіден, объективті нормалардың табигаты мен қайнар көздерінің, кіммен құрастырылып және заң шығарушының оны қалай қабылдайтыны түсініксіз. Екіншіден, егер, бұндай нормалар расында бар және олар зандардың мазмұнын болжайды (болжаку керек) деп ұйғарсақ, онда дүние жүзінде неге құқық жүйелерінің алуан түрі бар екенін түсіндіру қын болады, өйткені объективті нормалар бірынғай.

Құқық қағидаларының аталыш ұғымын отандық және шетелдік құқықтануда тұжырымдауға тырысып жүрген «ақиқат нормаларымен» тенденстіруге негіз жоқ деп ойлаймыз. Құқықтық нормаларды «ақиқат» және «ақиқат емес (жалған)» деп бөлудегі басты қындық, басшылыққа ала отырып бірін-бірінен ажыратуға болатын өлшемдердің жоқтығы. Ондай өлшемдер ретінде, қоғамдық тәжірибеде расталмаған, идеологиялық штамптар мен мазмұны мен бағыты түсіндірілмей қалған, прогрестің абстрактілі ұғымы аталатын. Дәл осы себептен нормалар жігін «ақиқат (ғылыми, үдерісті)» және сәйкесінше «жалған (ғылыми емес, кертартпа)» деп негіздеу сәтті болмады [2, 459-460 бб.]. Құқықтық нормаларға «ақиқат» және «жалған» категориялары тіпті қолданылмайтындығына сілтеген авторлармен келіскеніміз жөн. Мысалы, Ганс Кельзен: «Бірде бір зангер заныңың реңи хабаршысы мен ғылыми түсініктеменің, қылмыстық кодекс пен қылмыстық құқық оқулығы арасындағы елеулі айырмашылықты жоққа шығара алмайды. Бұл айырмашылықтар келесі жағдайларда көрініс табады: құқықтың бейнелейтін, ешкімге еш нәрсені міндеттемейтін және рұқсат етпейтін, құқықтанумен тұжырымдалған міндеттеме туралы пікірлер ақиқат және жалған болады, ал билікпен бекітілген, субъектілерді міндеттейтін немесе рұқсат ететін, міндеттемелік нормалар ақиқат немесе жалған бола алмайды, бірақ олар нақты немесе жарамсыз болады, сонымен қатар, күнделікті деректерде ақиқат немесе жалған бола алмайды, олар я бар, я жоқ болады, тек қана деректер туралы пікірлер ғана ақиқат немесе жалған бола алады» [3, 102-103 бб.].

И. Сабо теория құқықтың нысаны мен мазмұнының елеулі қасиеттерін, оның жалпы және қажетті ерекшеліктерін, негізгі қағидаларға жатқызады деп жазған. Құқық қағидасы құқық мазмұнының элементі емес және оның формасының «қасиеті де» бола алмайды, деп ұсынылады. Қағида құқық формасы мен мазмұнына қатысты, құқықтан талап етілген осы қоғамдағы талаптар идеясында бейнеленген, дербес категория ретінде шығады. Құқықтың күрылымдық элементтері құқықтың барлық жүйелерінде, барлық тарихи типтерінде бірынғай, бірақ құқықтың қағидалары әртүрлі. Сонымен қатар дәл сол қағидалар осы қоғамның құқығына сапалық анықтама береді.

Отандық теорияда құқық қағидаларын – құқықтық реттеудің жалпы бағыты мен мазмұнының ең маңызды қасиеттерін анықтайдын, жетекші идеялар ретінде түсіну көнінен таралған [4, 190 б.]. Құқық қағидалары бұл құқықтар жүйесінің күрылымына, құқықтың жүзеге асуына белгілі бір түрде әсер ететін және ақыры сонында құқықтық тәртіпте жүзеге асырылатын, кейбір пікірлер деген анықтамамен келіскеніміз жөн.

Құқық қағидалары ұғымын жазып шығу тек оның табигатын, құқықтық құбылыстардағы іске асу тетіктерін, даму сатыларын анықтағаннан кейін ғана мүмкін болады, деп ойлаймыз. Қағидалар идеясының қалыптасуы құқықтық санада жүзеге асатындығын айтқан авторлармен келіскеніміз жөн болар. Сонымен қатар идеялар тек теорияда ғана қалыптасады десек, біз жаңылысамыз. Мысалы, құқық қағидасы – идеялар қалыптасуының алғашқы сатысы, «құқықтың идеялары қағидалар ретінде ұғымдарда және категорияларда ашылатын, құқықтың теориясы болып

табылады деп көрсеткен. Теорияда занды білім құқықтық идеялардың тірегі болады. Құқықтық теория сатысында бастапқы объективация және құқықтық идеяларды құқықтық реттеудің қағидасы ретінде өзірлеу. Құқықтық қағидалар идеясының қалыптасу үдерісін бұлай талдау әдісі ете женілдетілген, деп ойлаймыз. Біріншіден, қағида идеялары тек қана құқықтық теорияда емес, сонымен қатар басқа да ғылымдарда қалыптасады. Екіншіден, олар тек қана доктринальдық емес, оған қоса көсібі, тіпті әдettік құқықтық санада да пайда болады. Сонымен теорияда қалыптасқан идеялар, сөзсіз өзгелерінен айрықша болып келеді, өйткені олар, ғылыми ұғымдармен, категориялармен сипатталған, кей жағдайларда эксперимент ретінде сыналған. Құқықтық санада қалыптасқан идеялар, құқық қағидасына айналуы үшін, ол заң шығарушымен қабылдануы керек, өйткені концепция, доктрина, ғылыми қорытынды, әлде не туралы түсінік ретінде бар идея, тек құқық шығармашылық үдерісі арқылы ғана құқықтық қағидасы бола алады.

Құқық шығармашылық үдерісі кезінде заң шығаруши тек қана өз идеяларын емес, сонымен қатар саяси және қоғамдық үдерістерге аз да болса әсер ететін, қоғам топтарының идеяларын да бекітеді, деп ойлаймыз. Олар қоғамның бетке ұстарлары, төрешілдер, әлеуметтік топтар, қабаттар және т.б. болуы мүмкін. Мұратында заң шығаруши құқық шығармашылық арқылы қоғамның құқықтық санасында туған идеяларын қамтып көрсетуі керек. Әдебиеттерде, қағидалық сипатта болатын идеяларды білдіруде, олардың магынасы құқықтық санада факультативті болады, өйткені олардың орындауға міндепті күші жоқ екені әділ көрсетілген. Бұдан басқа барлық идеялар, тіпті ете жақсы құрастырылған және теориялық негізделгендерінің өзі құқық қағидасы бола алмайды.

С.С.Алексеев негізі құқықтық нормаларда бекітілмегендерді құқықтық қағидалардың қатарына жатқызуға болмайтынын ете әділетті атап өткен. Олар құқықтық қағидалары емес, тек қана идеялары (бастамалары), ғылыми қорытындылары болып табылады» [5, 103 б.]. Сондықтан құқық қағидаларына, құқық нормаларында бекітілген идеяларды ғана жатқызуға болады. Сонымен қатар құқық қағидасы құқық нормаларында екі түрлі: тікелей және жанама жолмен бекітілуі мүмкін. Жанама бекітулер норма тұжырымдамасы белгілі бір құқық қағидасын жаңғыртқан жағдайларда орын алады. Екінші топты, нақты нормаларда тікелей бекітілмеген, бірақ олардан шығарыла алатын қағидалар құрайды. Құқықтық нормалардан шыгарылатын қағидалар заннамаларда жасырын түрде болады.

Объективтік құқықтағы қағидалардың бекітілуіндегі айырмашылық, занды техниканың ерекшелігімен шартталған, деп есептейміз. Заннамалар тарихын зерттеу барысында, алғашында жүріс-тұрыс ережелер нормасы пайда болғанын, көруге болады. Алғашқы құқықтық ескерткіштер норма-қағидалар туралы білмеген, олар тек заң шығару техникасының дамуымен пайда болған. Сондықтан олардың деңгейі жоғары болған сайын, арнағы норма қағидаларында бекітілетін, құқық қағидаларының да саны көбейеді, деген қорытындыға келуге болады. Сонымен қатар, занды акт құрастырудағы кейбір жағдайларда қағиданы жалпы норма түрінде емес, жүріс-тұрыс ережелер нормаларының жиынтығы арқылы тұжырымдаған орындырақ болуы мүмкін.

Кейбір авторлар заннамадағы бастапқы ережелердің мәнін кемітпей, оларды құқық нормалары деп есептемейтінін атап кеткен жөн. О.Э. Лейст құқық нормасын норма қағида және жүріс-тұрыс ережелер нормасы деп бөлуге ешқандай объективті негіз жоқ, өйткені құқықтық мағынасы адамдардың жүріс-тұрысы мен қарым-қатынасын реттеуден тұрады, деп есептеген. Норма қағидалар көптеген құқық нормаларының жақшы сыртына шығарылған жүріс-тұрыс ережелері, бірақ әрқайсысының құрамында әрекеттілікке және занды күшке ие болатын, жоғары дәрежелі жалпылау нормативтік бүйіріғы болып саналады. Бұндай қорытынды толық негізделген деп ойламаймыз. Шынында да, норма қағидалар, жалпылау сипаттағы құқықтық жарлық болып саналатындықтан, айрықша ерекшеліктерге ие. Бірақ сонымен қатар олар, құқық субъектілерінің нақты жағдайда, тіке әрекет ететін, жүріс-тұрыс ережелері де бола алады. Мысалы, ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес (ал негізгі занда көптеген құқық қағидалары бекітілген) оның нормалары ҚР-ның бүкіл аумағында қолданылады, тіке әрекет етеді және жоғары занды күшке ие [6]. Сонымен қатар норма қағидаларға құқықтық нормалардың барлық белгілері органикалық тән: нормативтілік, жүйелілік, жалпыға бірдейлік, формальды анықтылық, мемлекет тарапынан мәжбүрлеумен қамсыздандыру. Норма қағидаларды мемлекеттік жүріс-тұрыс ереже-нормаларымен бірдей тұжырымдайды. Неге белгілерінің мәні бірдей, айтылу формалары бірдей еki құбылысты әртүрлі сияқты қарастыру керек екенін елестету қыын?

Алайда отандық теорияда норма қағидаларға кейде зандарда және басқа да нормативтік актілерде бар ресми түрдегі бағдарламалық, саяси-әлеуметтік беделін негіздеуге және қолдауға тартылған адамгершілік ережелері де жаткызылатындығын мойындау керек. Бірнеше авторлар зандағы мұндай ережелерді, ресми түрдегі (мақсат бекітетін) құқық нормалары деп атайды, олардың ойынша, мемлекеттік құқықтық ақиқаттың құрылышы және қызмет ету қағидаларын, не бір қызмет ету саласындағы занды мекеменің алдында тұрган міндеттерін жариялады. Бұндай нормалар қатарына нормативтік актілердің кіріспесі, атап айтқанда, КР Конституциясының кіріспесі, заннамалардың мақсатын анықтайтын занды актілердің ережелері жатады. Мәселен, О.С. Иоффе мен М.Д. Шаргородский КСРО социалистік жұмысшы және шаруалар мемлекеті екенін бекітетін 1936 жылғы КСРО Конституциясының 1-бабы туралы былай жазған: «Алдымыздың оқулық формуласы емес, заң бабы тұргандықтан, біз оған тек ғылыми анықтама ретінде қарай алмаймыз, сонымен қатар одан шығатын занды талаптарды да анықтауымыз керек және бұл бап шын мәнінде барлық азаматтардан, үйимдардан, лауазымды адамдардан және біздің мемлекетіміздің таныған, оның зандарын таныған барлық мемлекеттерден КСРО-ны социалистік жұмысшы және шаруалар мемлекеті ретінде қарастыруды талап етеді. Оның диспозициясы осындағы» [7, 157 б.]. Құқық теориясының көзқарасы бойынша, қалайша «қарастыруды занды міндеттейтіні» түсініксіз екенін атап өткіміз келеді. Біздің оймызыша, зандағы бұндай ережелер тіпті құқық жүйесіне кірмейді, өйткені онда құқық нормалары жоқ және олар қандай да бір жүріс-тұрыс ережелерін бекітпейді. Бұл жерде, құқық теориясы өкілдері, заннама ұғымы құқықтан кенірек екенін әділетті атап өткендіктен, бұнда ешқандай қарама-қайшылық жоқ.

Сейтіп құқық қағидасының белгісі – оның құқықта бекітілуі мен нормативтілігі болады.

Қазіргі таңда құқық анықтамасының нормативтік тәсілін қайта қарау талпыныстарына байланысты кейір авторлар позитивтік құқықта бекітілген кейір позитивті қағидалар бар екені туралы қорытындыға келуде. Позитивті қағидалар, заннаманың легитимдік критерийі, құқық нормалары негізінде істі шешуге мүмкін болмаған жағдайдағы құқықтың қайнар көзі болады, деп есептейміз.

Құқық жүйесінің құрылышын анықтайтын, құқықта кейір позитивті білімдер бар екендігі туралы қорытынды қате, деп ойлаймыз. Осындағы білімдердің пішінін суреттеу, оларға анықтама беру барысында, авторлар шамамен барлық құқық жүйелерінде, шындығында құқық қағидалары болып табылатын, олардың негізін қалаушы идеялар жиынтығы бар екенін айтады. Мұсылман құқығын талдау барысында, оған шаригат нормаларының мәнгілігін, тұрақтылығын, әмбебаптығын, шұбәсіздігін жатқызады. Роман-германдық құқықта Франция, Германия әкімшілік құқығының қайнар көздері ретінде сот жүйесінде қалыптасқан ережелер қолданылады. Бұл позицияны негіздеу барысында, ФРГ негізгі заңынан дәйексөз келтіріледі, сот «құқық және заңмен» байланысты, деп бекіткен. Ағылшын-саксондық құқықтық жүйеде бұндай «позитивті қағидаларға», оларға шағым келтіру барысында жалпы құқық сottарының шешімін түзету үшін қызмет ететін құқық категориясы ретінде әділеттілік, сонымен қатар заннамаларда кеткен олқылықтар жағдайында шешім шығаруға негіз болатын табиғи әділеттілік қағидалары жаткызылады. Қарастырылып жатқан құбылыс, бірнеше ұлттық құқық жүйелерінде, шын мәнінде құқықтың қайнар көзі болып табылатындығы күмән тудырмайды. Позитивтік құқық – мемлекеттің сырттай рәсімдеуін және тануын тапқан, жағымды құқық. Сот тәжірибесінен шыққан қағидалар, позитивсіз сипатта болатындығы туралы айтқанда, құқық формалары өртүрлі екендігі туралы мәселеге назар аудармайды. Оларға тек қана заң емес сонымен қатар, құқықтық әдет-ғұрып, құқықтық оқиға, нормативтік мазмұны бар шарттар да жатады. Айтылғандар дәл сондай дәрежеде, дәстүрлі құқық жүйелеріне де қатысты, (соның ішінде мұсылман құқығына) құқық формалары рөлін діни қайнар көздер – Құран, Сунна, Хадис, Иджма, Қийяс және Шаригат «жүргү бағыты» діндарларға арналған жарлықтар жинағын аткарады. Сонымен қатар құқық қағидаларының анықтамасының осындағы тәсілінде авторлар, шынында «құқықтық оқиға» пен «құқықтық қағида» ұғымын тәнdestіреді.

Қазіргі таңда теорияда норма қағидалардың құқық жүйесінде алатын рөлі өзгеріп, оның жүріс-тұрыс норма-ережелеріне тигізетін ықпалы қайта бағалануда. Олардың жүріс-тұрыс норма-ережелермен салыстырғандағы қызметтік, қосымша мағынасы жоққа шығарылуда, бұл ен алдымен, жалпы адамзаттық құндылықтарды занды турде мойындаумен байланысты. Бастапқы нормалар заң шығаруда және қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде жоғары дәрежелі орын

алады. Бұл нормалар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу негіздерінің бастапқы негіздерін анықтайды. Олардың негізгі мағынасы осында. Аталған нормалар арқылы құқықтық реттеудің мақсаты, міндепті, шегі, бағыты, әдістері анықталады, құқықтық категориялар мен ұтымдар бекітіледі. «Бастапқы нормалар өзінің логикалық дамуы мен нақтылануын оның тіке әрекет етуін жоймайтын өзге нормалардан, жүріс-тұрыс ережелерінен табады. Сонымен қатар нақты заңды істі шешу барысында, егер құқық қолданушы актіні қандайда бір құқық қағидасымен негіздеу керек болса, әсіресе егер ол қағида тіке заңнамада айтылса, не қайсы бір заңнаманың мызғымастығын дөлелдесе, не шығарылатын шешімнің абыройын қүштейссе, оларға сілтеме жасап, сүйенуге болады.

Әдебиеттерде, құқық шығармашылығынан көрініс тапқан экономикалық және әлеуметтік заңдар құқық қағидасы ретінде қарастырыла ала ма, деген сұрақ туындал жатыр. Құқықтық қағида дәрежесіне, құқық жүйесінде ескерілетін және оның әрекет етуші нормаларында бекітілген экономикалық және басқа да әлеуметтік заңдылықтар көтеріле алмайды. Құқықтану ғылымы, экономикалық және басқа да әлеуметтік ғылымдардың қорытындылары мен ережелеріне қарамай, әлеуметтік заңдылықтардың құқық жүйесіндегі бөліну механизмін зерттемей ойдағыдай дами алмайтындығы белгілі. Бұл ретте заңгер экономикалық және басқа да әлеуметтік қағидаларды жай алып пайдаланып қана қоймайды. Оған тек заңдылықты ғана емес, сонымен қатар оның құқықтың қай заңды ерекшелігінде көрініс табатынын, экономикалық және басқа да әлеуметтік салалардағы болған нақты өзгерістерден кейін осы ерекшеліктерде нақты қай түрленуlep жүзеге асатынын, қайсы бір құқықтық форманың қарым-қатынастың әлеуметтік мазмұнына сәйкес келуін анықтайтын критерийлерді білу оған өте маңызды.

Жоғары да айтылған себептерге байланысты заңды емес объективті заңдылықтар, құқықта қолдану кезінде автоматты құқық қағидасы болмайды. Оны бірінші рет дөлелдеп көрсеткен С.Н. Братусь: «Экономикалық заңдар мен социалистік өндірістік қатынастарының басқа да белгілері, кеңес азаматтық құқығының негізгі қағидалары дегенмен келісуге болмайды, социализмнің негізгі қағидаларының қалай құқық қағидаларына құбылатынын көрсету керек, басқаша айтқанда, олардың заңды мағынасының формаларының әртүрлілігі, бүтіндей немесе жеке салаларында сол құқық қағидалары болатынын ескере отырып, социалистік қағидалардың заңды мағынасы қандай екенін анықтау» [8, 38 б.].

Егер бұл идеялар отандық құқық салаларында шарт бостандығы, әділетсіз бәсекелестікке тыйым салу және т.б. бекітілген қағидалар түрінде өзінің әрі қарай дамуын таппаса, қағида деп аталмас еді.

Сонымен құқық қағидалары – бұл құқық формасында бекітілген идеялар. Әдебиеттерде қағидалар – негіз қалаушы идеялар деп атап өтілген. Құқық қағидасы мәнін осылай бағалаумен келісу керек. Бірақ сонымен қатар оның негіз қалаушы қасиеті, осындай идеялардың әмбебап болуында, яғни барлық құқық салаларында көрініс табатынын атап өткіміз келеді.

Құқық қағидалары, заң шығарушы ерікті түрде талпынатын, қоғамдық қатынастардың заңды формасы бекітілетін, мемлекеттік-құқықтық және жалпы қоғамдық тәжірибелер барысында толығымен қалыптасады, деп айтуға болады. Бұл жағдайда құқық идеяларының жүзеге асуының соңғы стадиясы (нысаны) – құқықтық тәртіп болып табылады.

Теорияда құқық қағидаларын: жалпы құқықтық, салааралық және салалық деп ажыратады. Қолдану шенбері тар, құқықтың жеке институттарының қағидалары туралы сөз қозғау негізді, деп ойлаймыз. Бұл туралы өз кезінде Р.З. Лившиц и В.И. Никитинский: «Құқық қағидалары бүтіндей құқық жүйесін (жалпы қағидалар), құқық саласының жеке топтарын (салааралық қағидалар), жеке құқық салаларын (салалық қағидалар), жеке институттарды және тіпті институттар ішіндегі нормалардың жеке топтарын қамтуы мүмкін. Осыған сүйене отырып, құқық қағидалары құқық жүйесінің барлық сатыларын – нормалардың жеке топтарынан бүтіндей құқық жүйесіне дейін қамтиды, деген тұжырым жасауга болады» [9, 315 б.].

Заңды жауапкершілік қағидаларын анықтау барысында заңды жауапкершілік институтының ерекшеліктерін анықтайтын, оның нормаларының мазмұнына әсер ететін идеяларды енгізу керек, деп есептеймін. Бұндай әдіс негізделген болып көрінеді, себебі, ол заңды жауапкершілік институтына тән қағидаларды ажыратуға ғана емес, сонымен қатар оның нормаларын жетілдіру туралы тәжірибелік ұсныстар беруге мүмкіндік береді.

Өкінішке орай, заңды жауапкершілік теориясын өндеу қазіргі таңға дейін қылмыстық-құқықтық теорияның өте күшті ықпалында болып келеді, сондықтан жауапкершілік бір түрі –

қылмыстық жауапкершіліктің қасиеттері жиі заңды жауапкершіліктің барлығына тарапады. Мысалы, О.Э. Лейст, заңды жауапкершіліктің жалпы қағидалары көбірек қылмыстық іс жүргізуде дамығанын көрсетеді. Осы қағидаларға байланысты жауапкершіліктің басқа барлық түрлері де жүзеге асады [10, б 6]. Заңды жауапкершілік қағидалары тек материалдық құқық нормаларында бекітіледі, деп ойлаймыз. Қылмыстық іс жүргізу құқығының нормалары жауапкершілік қағидаларын емес, қылмыстық жауапкершілікке тартылу тәртібін бекітеді.

Заңды жауапкершілік қағидасы ретінде, заңды жауапкершілік институтын құрайтын, заңды жауапкершілік субинституттарының бәрінде көрініс табатын, материалдық құқық нормалар жүйесінде бекітілген идеяларды тусіну керек, деп есептеймін.

ӨДЕБІЕТ

1. Синха С.П. Юриспруденция. Философия права. Краткий курс. – М., 1996 – 214 с.
2. Проблемы теории государства и права. Учебное пособие. – М., 1999. – 510 с.
3. Чистое учение о праве Ганса Кельзена. Сборник переводов. Вып. –М., 1987. – 157 с.
4. Сапаргалиев Ф., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. 2- басылым, өнд., толықт., - Астана: Фолиант, 2011. – 360 б.
5. Алексеев С.С. Право: азбука теория - философия: Опыт комплексного исследования. — М.: Статут, 1999. - 167 с.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы мамырдағы № 254-III Занмен езгертулер мен толықтырулар енгізілген реєсми мәтін. – Алматы: Жеті Жарғы, 2007. – 136 б.
7. Иоффе О.С., Шаргородский М.Д. Вопросы теории права.-М., 1961. – 205 с.
8. Братусь С.Н. Юридическая ответственность и законность - М., 1976. – 112 с.
9. Ливицци Р.З., Никитинский В.И. Принципы советского трудового права // Советское государство и право. – 1974. - №8. – С. 313- 319.
10. Лейст О.Э. Основные виды юридической ответственности за правонарушение // Правоведение. - 1997. - № 3.- С. 4-10.

Резюме

В данной статье рассматривается соотношение и взаимосвязь принципов юридической ответственности и принципов права.

Summary

This article examines the relationship and interdependence principle of legal liability and legal principles.